

# Махмұт ҚАШҚАРИ ТҮРІК СӨЗДІГІ



**Махмұт ҚАШҚАРИ**

**ТҮРІК СӨЗДІГІ**

Tyulemissov Madi      مەدى ابواصل

[tmadi1@gmail.com](mailto:tmadi1@gmail.com)

مُحَمَّدْ كَاشْغَرِي

# لِيْلَةُ الْجَاهِلِيَّةِ



## وُشْ تومد سق

اۋدا راغان جانە ئىلى سُوزى مۇن عىلىسى  
تۇسنىكتەرنىن جاز سب، باسپاغا دا يېندىغان  
اقىن، سىنىشى، فىلولوگىيا عىلىمىدارنىڭ كاندىداتى  
اسقار قۇرمۇھۇلى، گۇڭچى

مكىنىشى توم

**Махмұт ҚАШҚАРИ**

**ТҮРІК  
СӨЗДІГІ**



**ҮШ  
ТОМДЫҚ**

Аударған, алғысөзі мен ғылыми  
түсініктерін жазып, баспаға  
дайындаған ақын, сыншы, филоло-  
гия ғылымдарының кандидаты  
**Асқар Құрмашұлы ЕГЕУБАЙ**

**ЕКІНШІ  
ТОМЫ**



Халықаралық «Жедігер» қоры

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
«ХАНТ» баспасы  
1997 жыл**

«ХАНТ» баспасының Бас директоры  
Хайдолла Әбдірахманұлы ТІЛЕМИСОВ.

Халықаралық «Жәдігер» қорының президенті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, тарих ғылымының кандидаты Қойшығара САЛФАРАУЛЫ.

### Махмұт ҚАШҚАРИ.

К52 Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсніктерін жазған А. ЕГЕУБАЙ. — Алматы: ХАНТ., — 528 бет.

ISBN 5-620-00893-2

«Түрік тілдерінің жинағы (Түрік сөздігі)» — түрік дүниесінің әлемдік ғылым қазнасына қоскан ұлы мұрасы. Үш томдық бұл зерттеу еңбегі күллі түрік тілдерінің тұнғыш әрі аса терең мағыналы ғылыми сипаттамасы. Сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы, тіл зергері Махмұт Қашқарі «Түрік тілдерінің жинағын» барлық түрік тексті ұлыс, тайпаларды аралап жинап, зерттеп, талдаپ барып жазған. Күллі түрік елдерінің әдебиеті мен тілін салыстырмалы түрде зерделеп түзіп шыққан алғашқы энциклопедиялық кітап. Түрік тілінің тұнғыш та, әсте қайталанбайтын бірегей окулығы.

XI ғасырдан бұл энциклопедиялық терен мазмұнды зерттеуі қазіргі түрік текстес ұлттардың ежелгі мәдениетінде қайта жаңғыру үрдісі жаңа бағыт алған тұста аса қажетті де пайдалы енбек. Ана тілміздің, тұған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тұп негіздері, тәл зандалықтары осы білікті зерттеу беттерінде жүлдіздей жамырап көрінеді.

Қазақ ұлысының жана ғылымы да, таным дүниесі де, елдік қагидалары да осындаі аталы дәстүрімізден қуат алып, нәр жинауы тиіс.

Қ 460203000—002  
00(05)97 без объявл.

ББК 81.2-4 я2

ISBN 5-620-00893-2

© Егебаев А. Қ, 1997  
© ТОО «ХАНТ», 1997

# **ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, «ЖӘДІГЕР»!**



Тәүелсіздік түннің көтеріп, егемендік өрісіне өз багыттымен шығқан жас мемлекеттіміз үшін тарих — көне дәуірлердің күесі гана емес, сонымен бірге ол осы жерді мекендеғен халықтың зердесі, парасат-пайымы, бүгіннің — негізі, ертеңінің — бағдары. Ұзақ уақыттар бойы бұрмаланып келген халықмыздың тарихын егемен еліміздің жалпылттық мұддесі түргысынан қайта жазудың аса маңыздылығы да осында.

Еркіндік тізгінің қолга алғалы қазақ елінің тарихы мен оның тарихи тұлғалары туралы біраз жазылғаны белгілі. Алайда олардың ішінде байсалды гылыми талдауға негізделген зерттеулермен бірге тәүелсіздікке тасыған көңілдің шалқуын гана байқатар шалғайларының да арасында жүргені жасырын дүние емес. Біз оларға тәүелсіз даму жолына түскен қоғамның өмірінде болмай қоймайтын заңдылық, алдағы уақытта түзелер іс түргысынан қараймыз. Осы тұста, Халықаралық «Жәдігер» қорының бірінші деректік мәні бар көне шыгармаларды, тарихи деректерді, нақты құжаттарды шығара бастауы сол түзелуге бет алудағы алғашқы қадамның бірі деп білемін.

Осынау апайтөс алтындаланы ежелден мекен етіп келе жатқан халықмыздың тарихи тамыры тым теренінен тартылған. Оның өзіндік терең танымы, қалыптасқан халықтың салт-дәстүрі, өркендерген зор мәдениеті бар. Беймәлімі көп көне гасырлар қойнауына үңілмей-ақ бергі, тарихқа танымал Түрік қазаганаты заманынан түйдегімен жеткен тарихи-мәдени жәдігерлердің үлкен шоғырының өзі-



аң өлем алдындағы тұрғык өркениетін айғақтар төлкүржаты іспеттес. Жүсін Баласагуның «Құтты білігі», Махмұт Қашқаридің «Тұрғык сөздігі», Қожа Ахмет Йассауидің «Даналық кітабы», Ахмет Иүгінекиңдің «Ақықат сыйы» секілді ұлы шыгармалары, өлемнің екінші ұстазы атап-ған Эбунасыр Фарабидің бұған дейін біршама игерілген гажайып мұралары тұгырлы тарихтың, ұлы мәдениеттің, мол біліктің мәңгілік мөусіндегі. Өз басым осы фундаменттің параджатай қарап отырып, осыларды жазған ғұламалардың ойының айқындығына, сөздерінің орнында да сенімді шығатынына, жалты журтқа ұғынынды қараптайымдылығына таңданамын. Ұлылық деген, білім кеңдігі деген осы-аудеп ойга кетемін. Бұлар — ұлагатты үлкен мәдениеттің, терең тарихи танымнан мектебі. Халқымыздың рухани жаңғыруы осындағы ғылыми, көркем ой-санамыздың шығу тегін танудан басталуы тиіс. Коненің көзіндегі болып жеткен осындағы асыл қазыналар халық иғлігіне жаратылып, жаңа заманнаның адамдарын төрбиелеуге қызмет етуі қажет.

Үлкен тарихы бар елге — үлкен мәдениет, білік таным, терең білім керек. Осы бағыттағы «Жөдігердің» жаңа қадамына зор табыс тілеймін!

Казакстан  
Республикасының  
Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

ДИУАНИ  
ЛҮГАТ-ИТ-  
ТҮРК





# СӘЛІМ КІТАБЫ



**Бісміллә-Нур-Рахманір-Рахим!**

*Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!*



## **СӨЛПМ ЕТІСТИКТЕР КІТАБЫ**

### **ЕКІ ӨРІПТІЛЕР БӨЛІМІ**

**تَبْدِي TAPDЫ**

ТАПДЫ: табынды; қызмет етті.

«**كُلْ تَسْكُرِيْ كَا تَسْدِيْ** Kul tənqige tapdy: Құл тәнғіге тапды - Құл Тәнғірге табынды.»

«**أَلْ خَانْقَا تَبْدِيْ** Ol xanqa tapdy: Ол ханқа тапды - Ол ханқа табынды.» Басқаларға да осылай айтылады. (Табар - تَبَارْ - تَبْمَاقْ Taarag-tartmaq: Табар-табмақ - Табынар-табынбак.)

**تَبْدِي TAPDЫ**

ТАПДЫ: тапты.

«**أَلْ نَانْكَنْيِ تَبْدِيْ** Ol nənqi tapdy: Ол нәнні тапды - Ол нәрсені тапты.» Taarag-tartmaq: Табар-табмақ - Табар-таппақ.)

**تَبْدِي TEPDI**

ТЕПДІ: тепті.

«**أَلْ قُلْ تَبْدِيْ** Ol құбын tepdi: Ол құлын тепді - Ол құлын тепді.» Terer-termek: Тебер-тебмек - Тебер-теппек.)

**جَبْدِيْ شАРДЫ**

ШАРДЫ: шапты; жүзді; үрды; сылады.

«**أَرْ سُفْدَا جَبْدِيْ** Er suvda sharды: Ер сувда шапды - Ер суда жүзді.»

أَلْ آتَنِي جِبْقُ بَرْلَا جَبْدَى «Ol atny шыбық  
birle шарды: Ол атны шыбық бірле шапды -  
جَمْقُ تَتْ بَيْنَ «أَنْ جَبْدَى»  
شَوْمَاقْ tat ғоюым шарды: Шомақ  
тат бойнын шапды - Мұсылман кәпірдің  
مَوْيَنْ شَابْتَى «أَنْ جَبْدَى» (Ұйғырша.)  
Ер evin шарды: Ер евін шапды - Ер үйін  
сылады, (лаймен жапты).» شَجَارْ جَبْمَاقْ  
Шараг-шартақ: Шапар-шапмақ - Шабар-шап-  
пак.)

### سَبْدَى SAPDЫ

САПДЫ: өткізді; сабақтады.

يَعْجِي يَكْنَا سَبْدَى «Jіші jigne sapды: Иіші іігне  
сапды - Тігінші ине сабақтады; (тігінші инеге  
жіп өткізді. - А.Е.)

### سَبْدَى SAPDЫ

САПДЫ: жеткізді; жетілдірді.

أَلْ قُشْ قَنْتَنْ سَبْدَى «Ol құс қанатын sap-  
ды: Ол құс қанатын сапды - Ол құс қанатын  
жетілдірді.» Қысқа, кем-кетік нәрсені басқа  
бір бөлек нәрсемен толықтыrsa, жамап-жас-  
қаса да осы сөзben білдіреді. «سَبَارْ سَبْمَاقْ  
Sapar-saptaқ: Сапар-сапмақ - Жетілдірер-же-  
тілдірмек.)

### قَبْدَى ҚАРДЫ

ҚАПДЫ: үстады; алды; тартып алды.

أَرْ تُونْ قَبْدَى «Er ton қарды: Ер тон қапды -  
Ер'тонды тартып алды.» باسْقا لَارْغا دا سَلَاي  
колданылады. «أَغْلَانْخِ يَيلْ قَبْدَى» Oflanығ jel

қарды: Оғланығ иел қапды - Балаға жел тиді; Баланы жел үстады.» (قَبَارْ - قَبْمَاقْ) Қарғ-қартмақ: Қапар-қапмақ - Үстар-үстамақ.) Тон, яки сол секілді басқа нәрселерді жел үшырып өкетсе де осылай дейді.

### قُبْدِي ҚОРДЫ

ҚОПДЫ: қопты; тұрды.

«أَرْ يُقَارُوْ قُبْدِيْ» Ер јоқагы қорды: Ер иоқа-ры қопды - Адам тік тұрды.» (تُبِّيْ قُبْدِيْ) تұپі қопды: Тұпі қопды - Боран тұрды.»

«فَشْ قُبْدِيْ» Қиши қорды: Құш қопды - Құс көтерілді.» Басқаларға да сондай.

(قَبَارْ - قَبْمَاقْ) Кораг-қортмақ: Қопар-қолмақ - Тұрап-тұрмак.)

### بِجَدِي RIШDI

ПІШДІ: пішті, кесті.

«أَرْ اَثْ بِجَدِيْ» Er et riшdi: Ер ет пішді - Ер ет кесті.» Басқаларға да солай. (بِجَمَانْ) Ri-шег-риштек: Пішер-пішмек - Кесер-кеспек.)

### سَجْتِيم SAШТЫМ

САШТЫМ: шаштым.

«مَنْ يِبَار سَجْتِيم» Men јыраг sawdым: Мен ишпар саштым - Мен жупар шаштым.» Басқаларға да осындай. (سَجَار سَجْمَانْ) Sawar- sash-тақ: Сашар-сашмақ - Шашар-шашпақ.)

### سَجْدِي SAШДЫ

САШДЫ: шашты; септі.

«أَلْ آفَكَا سُوقْ سَجْدِيْ» Ol evge suv sawdys: Ол евге сув сашды - Ол үйге су шаш-

ты.» Басқаларға да солай қолданылады.

(سَجَارٌ سَجْمَاقْ Sashag-sashmak; Сашар-сашмақ - Шашар-шашпақ.)

**سُجْدَى**

**СЫШДЫ**: тышты.

«اَرْ سُجْدَى» Ер сышды: Ер сышды - Ер тышды.» Басқаларға да осылай айтылады.

(سَجَارٌ سَجْمَاقْ Sышаг-сыштақ; Сышар-сышмақ - Тышар-тышпақ.)

**قَبْدَى**

**ҚАШДЫ**: қашты.

«اَرْ قَبْدَى» Ер қашды: Ер қашды - Ер қашты.»

Басқаларға да осылай. Қашар - قَبْدَى (Qabdai) қаштақ: Қашар-қашмақ - Қашар-қашпақ.)

**قُبْدَى**

**ҚҰШДЫ**: құшты; құшақтады.

«اَلْ مِنِيْ قُبْدَى» Ol meni қишды: Ол мені құшды - Ол мені құшты.» Құшаг-қишинақ: Құшар-құшмақ - Құшар-құшпақ.)

**كَجْنَى**

**КЕШТИ**: кешті.

«اَرْ سُوقْ كَجْنَى» Ер suv кешті: Ер сув кешті - Ер су кешті.» Басқаларға да сондай.

**كَجْنَى**

**КЕШТИ**: кешті; өтті.

«اَيْ كَوْنْ كَجْنَى» Aj kyn кешті: Ай күн кешті - Ай, күн кешті.» Ер кешті: Ер кешті - Адам өтті; (Ер дүниеден өтті). Кешег-кештек. Кешер-кешмек - Кешер-кешпек.)

کھٹی KƏŞTİ

**КӨШТІ:** көшті.

**Sy** көшті: Сү көшті - Қосын көшті.» Басқаларға да осылай қолданылады.

(كىجار - كىجمان) Көшег-көштек: Көшер-көшmek - Көшер-көшпек.) Сөздің айтуға ынғайлы, жарасымды естілуі үшін қатаң өріппен аяқталатын өткен шақ етістігінің қосымша-сындағы «، — д» өрпін «، — т» өрпіне ал-мастырган дұрысырақ. «ب — پ», «ج — ч, ж», «ق — к», «ك — к» - қатаң, қатқыл өріптер. Бұлардан өзге өріптермен аяқталатын өткен шақ етістіктерінің қосымшасындағы «، — д» өрпін сактап қалған орындырақ.

Жырда былай деп келеді:

تُنلا بلا كُجالم

يَمْرُ سُفْنَ كَجَالِمْ

قرنُوك سُفْنِ اجَالٌ

يُقْعَدُ بِغَيِّرِ اِلْسُونِ

*Tynle bile kœwelim  
Jamar suvyn kœwelim  
Terjyk suvyn iuelim  
Juvgä jaſy uvulsun:*

*Тұнле біле көшелім,  
Иамар сувын кешелім,  
Терңүк сувын ішелім,  
Иұвға шағы үүгүлсун -*

*Түн жамылып көшелік,  
Иамар сұын кешелік.*

*Тұма сүйн ішелік,  
Жауыз жуым езілсін.»*

(Тұнмен бірге, тұнделетіп көшейік; Иамар сүйн кешіп өтейік; Тұнық тұма қайнар сүйн ішейік; Жауыз, зұлым жау езіліп быт-шыт тозсын.)

**„ بَرْدَى BARDI** БАРДЫ: барды.  
 «*أَلْ آفْكَا بَرْدَى* Ol evge bardy: Ол евге барды - Ол үйге барды.» Басқаларға да сондай.  
 «*بَرْمَاقْ بَرِيزْ* - بَرْمَاقْ Вагыг-barmak: Барыр-бармақ - Барап-бармак.»

**„ بَرْدَى BYRDI** БҮРДІ: бүрді.  
 «*أَلْ يَنْجَقْ أَغْزِي بَرْدَى* Ol janşıq aғzı býrdi: Ол ианшық ағзы бүрді - Ол дорбаның аузын бүрді.» Ышқырбау, тағы сондай нәрселерді бүргенде де осы сөз қолданылады. *بُرْمَانْ بَرْمَانْ* (Burman) Бүтег-бұтег: Бүрер-бұрмек.)

**„ بَرْدَى BURDЫ** БҮРДЫ: бүркырады.  
 «*يَلَارْ بَرْدَى* Йыраг burdy: Ишпар бүрды - Жұпар бүркырады.» Сол секілді бір нәрсенің иісі шыққанда осы сөз қолданылады.  
 «*بُرْمَاقْ بَرْمَاقْ* Burag-bırmak: Бұрап-бұрмак - Бүркырап-бүркырамак.»

**„ بَرْدَى BURDЫ** БҮРДЫ: бүркырады.  
 «*سُوفِ بَرْدَى* Suv burdy: Сув бүрды - Су бүркы-рады, яғни судың буы бүркырап шықты.» Басқаларға да осылай айтылады.

بُرَارْ - بُرْمَاقْ Burar-burmak: Бұрап-бұрмак -  
Бұрқырап шығар-бұрқырап шықпак.)

تُرْدِي TURDЫ

TYURDЫ: тұрды; көтерілді.

أَرْ بُقَارُو تُرْدِي Eg jokaǵy turdys: Ер иоқары  
тұр-ды - Ер тік тұрды.» Сол секілді бір  
нәрсенің ісі шыққанда өсы сөз қолданыла-  
ды. Басқаларға да осылай айтылады.

تُمَانْ تُرْدِي Tuman turdys: Тұман тұрды -  
Тұман көтерілді.» تُرْر - تُرْمَاقْ Turur-turmaq:  
Тұрұр-тұрмақ - Тұрап-тұрмак.)

تُرْر TURUR

TYURUR: Бұл келер шақты білдіретін етістік.  
Өткен шаққа да, түйік райлы етістікке де жат-  
пайды. Мағыналық жағынан «-тұр», «-дұр»  
дегенді аңғартады. Мысалы: «اُلْ تَاشْ تَرْر Ol  
таш turug: Ол таш тұрұр - Ол тас-тұр»;  
«اُلْ قَشْ تَرْر Ol қаш turug: Ол құш тұрұр -  
Ол құс-дұр» дегендер секілді. Ол сөйлемде  
байланыстыруыш жалғау қызметін атқара-  
ды. Араб тіліндегі өткен шақ пен түйік райы  
болмайтын : يَنْبَغِي «жарасып тұр» деген сөзі-  
не үқсайды.

تُرْدِي TYRDI

TYURDI: орап түйді; бүктеді, тұрді.

اُلْ بَيْتَكْ تُرْدِي Ol bitik tyrdi: Ол бітік тұрді -  
Ол кітапты орап түйді.» (Ол хатты, не жа-  
зылған жазбаны орады - А.Е.) Басқаларға  
да солай қолданылады. تُرْأَرْ - تُرْمَاكْ Tүрге-

		тұтмек: Тұрер-тұрмек - Тұрер-тұрмек.)
„ سردى SERDI	СЕРДІ:	шыдады; төзді.
„ سردى Ol serdi: Ol серді - Ол төзді.» Ол бір істе төтеп берді. ( سرماں سردار - Serer-sermek: Серер-сермек - Шыдар-шыдамак.)	Ol serdi:	Ол серді - Ол төзді.» Ол бір істе төтеп берді. ( سرماں سردار - Serer-sermek: Серер-сермек - Шыдар-шыдамак.)
„ سردى SYRDI	СҮРДІ:	айдады; шапқызды.
„ سردى Ol at syrdi: Ol ат сүрді - Ол атты айдады.» (Шауып жөнелді деген мағынасына орайласады.) Басқа жағдайларда да қолданылады.	Ol at syrdi:	Ол ат сүрді - Ол атты айдады.» (Шауып жөнелді деген мағынасына орайласады.) Басқа жағдайларда да қолданылады.
„ سردى SYRDI	СҮРДІ:	құды; қуалады; сүргін қылды.
„ سردى Eg ытығ syrdi: Ер ытығ сүрді - Ер итті құды.» Басқасы да сондай.	Eg ытығ syrdi:	Ер ытығ сүрді - Ер итті құды.» Басқасы да сондай.
„ ۋەزىتى قىردى KURDЫ	ÇҮРДҮ:	Сүрер-сүрмек — Сүргіндер-сүргіндемек). Бек бір адамды қаладан сүргіндегенде де, сүргінге түсіргенде де осы сез қолданылады.
„ ۋەزىتى قىردى Xan sysin qurdы: Xan sysin қурды: Хан сүсін құрды - Хан қолын құрды; ( خان چوڭ قىردى «.» خان شۇعاش қурды: Хан шұваш құрды - Хан шатыр құрды; шатыр тікті.» قۇراز - قۇرماق) Kurag құртақ: Құрап-құрмақ .)	Xan sysin қурды:	Хан сүсін құрды - Хан қолын құрды; ( خان چوڭ قىردى «.» خان شۇعاش қурды: Хан шұваш құрды - Хан шатыр құрды; шатыр тікті.» قۇراز - قۇرماق) Kurag құртақ: Құрап-құрмақ .)
„ ۋەزىتى قىردى ҚЫРДЫ	ҚЫРДЫ:	қырды.
„ ۋەزىتى قىردى Er jerig қырды: Ер иеріг	Er jerig қырды:	Ер иеріг

қырды - Ер жерді қырды.» Басқаларға да қолданылатын сөз. Қарар - قرماق (Кылаг қытмақ; Қырар-қырмак.)

،،  
قردى KURDЫ

ҚҰРДЫ: құрды.

«أَرْ يَا قَرْدِي Er ja қurdy: Ер иа құрды - Адам садақ құрды; (Садағын атуға өзірледі).»

،،  
قُرْارْ قَرْمَاق Kurar қытмақ; Құрап-құрмак.)

،،  
گَرْدِي KERDI

КЕРДІ: керді; созды.

«أَرْ يَبْ كَرْدِي Er jyr kerdi: Ер иыш керді - Ер жіп керді.» Басқаларға да осылай айтылады. بَكْ يَوْلْ كَرْدِي Beg yol kerdi: Бег иол керді - Бек жол керді; бек жол тосты, демек, жаудан қауіп күтіп, бейтаныс, бейсуат адамдар өтпеуі үшін күзет орындарына қарауылдар қойды.»

،،  
گَرْدِي KERDI

КЕРДІ: ұрді.

«إِتْ كَرْدِي It kerdi: Ыт керді - Ит ұрді.» (Қарлұқша.) Kerer-kermek: Керер-кемек - Үрер-үрмек.)

،،  
گُرْدِي KØRDI

КӨРДІ: көрді; қарады.

«أَلْ مَنِي كَرْدِي Ol meni kerdi: Ол мені көрді - Ол мені көрді.» Køger-kørmek: Көрер-көрмек - Көрер-көрмек.) Мақалда былай деп келген: يُوزْ كَا كُرْمَا أَرْذَمْ تَلَّا «Iyzge kөрге егзем tile: Иүзге көрме ердзем тіле - Жүзге қарама, қасиет тіле»; Бет-жү-

Jyzge kөрге егзем tile: Иүзге көрме ердзем тіле - Жүзге қарама, қасиет тіле»; Бет-жү-

зінене, шырайына қарама, қадір-қасиетіне (ақыл-парасатына) қара.

**كِرْدِي** KIRDI

КІРДІ: кірді.

«اَلْ اَنْكَا كِرْدِي» Ol evge kirdi: Ол евге кірді - Ол үйге кірді.» Басқаларға да сондай. (Кіргіз - кірмек - Кірүп-кірмек - Кірер-кірмек.)

**بَزْدِي** BEZDI

БЕЗДІ: безді; безілдеді.

«اَرْ تُمْلِغَدْنَ بَزْدِي» Er tumlyifdyn bezdi. Ер тұмлығдың безді - Ер сүықтан безілдеді (тітіреді).» Басқаларға да осы мағынасында айтылады. (Без - بَزْ - بَزْ مَاك Bezer bezmek: Безер-безмел - Безілдер-безілдемек.)

**بَزْدَى** BUZDЫ

БҰЗДЫ: бұзды.

«اَلْ اَفْ بَزْدِي» Ol ev buzdy: Ол ев бұзды - Ол үйді бұзды.» Басқаларға да сондай. (Бұзар - بَزْ مَاق Buzar - buzmaq: Бұзар-бұзмақ - Бұзар-бұзбақ.)

**تَزْدِي** TEZDI

ТЕЗДІ: безді, кезді; қашты.

«كَيِّكَ تَزْدِي» Kejik tezdi: Кейік тезді - Киік қашты.» Басқаларға да осы мағынада.

(Тезер - تَزَارْ - تَزْ مَاك Tezer-tezmek: Тезер-тезмек - Безер-безбек.)

**تَزْدَى** TYZDI

ТҮЗДІ: түзді; түзеді.

«بَكْ اِيلِنْ تَزْ دِي» Beg elin tyzdi: Бег елін түзді -

أَلْ بِيرِكْ تُرْدِي Ol jerig tyzdi:  
Бек елін тұзді.» Ол жерін тұзеді; тегістеді  
Ол иеріг тұзді - Ол жерін тұзеді; тегістеді  
Басқаларға да осылай қолданылады.  
(Тұзер-тұzmek: Тұзер-тұzmек -  
Тұзер-тұзбек.)

### تُرْدِي TIZDI

ТІЗДІ: тізді.

أَلْ يِنْجُو تُرْدِي Ol jinjy tizdi: Ол інжү тіз-  
ді - Ол інжү тізді.» Біреу сөз тізсе, ақын өлең  
жазса: «أَلْ سُوز تُرْدِي Ol səz tizdi: Ол сөз  
тізді - Ол сөз тізді» дейді. (Ti-  
zer-tizmek: Тізер-тіzmек - Тізер-тіzbек.)

### جُزْدِي شыжды

ШЫЖДЫ: тыптыршыды; шыжбалақтады.

يَغْرِلُغْ أَتْ جُزْدِي Jagyllyf at шыжды: Иа-  
рығлыf at шыжды - Жауыр ат тыптыршыды.»  
Жауыр малдың бәрі де жүк артарда сөйтіп  
тыптыршиды. Бұл сөз екі жақ арасындағы «;  
- ж» дыбысымен айтылады. (جزار - جزماق)  
Шыжаг-шыжтақ: Шыжар-шыжмақ - Ты-  
птыршыр-тыптыршымак.)

### جُزْدِي شөжді

ШӨЖДІ: созды.

أَرْاغُتْ يَبْ جُزْدِي Urafut жыр шөжді: Ұрафұт  
ып шөжді - Қатын жіпті созды.» Қойдың  
ішегі, арқан, жіп тәрізді созуға болатын  
нәрсениң барлығына қолданылады. Бұл сөз  
екі жақ арасындағы «; — ж» дыбысымен ай-  
тылады. (Шежар - شەچەر) Шөжаг-шөжтек: Шө-  
жар-шөжмек - Созар-созбақ.)

سُزْدِيٌّ SYZDI	СҮЗДІ: сүзді.
	«اَلْ سُوقُ سُزْدِيٌّ Ol suv syzdi: Ол сув сүзді - Ол су сүзді.» Басқаларға да солай айтылады.
	(سُزْمَكٌ سُزْارٌ - سُزْمَكٌ Sýzer-sýzmek: Сүзер-сүзмек - Сүзер-сүзбек.)
سُزْدِيٌّ SYZDЫ	СЫЗДЫ: еріді.
	«يَا غَ سُزْدِيٌّ Jaf syszdy: Иағ сызды - Май еріді.» Басқасы да осы секілді.
سُزْدِيٌّ SIZDЫ	СЫЗДЫ: сызды..
	«كُونْ سُزْدِيٌّ كүн syszdy*: Күн сызды - Күн шапағы көрінді; (күн шықты, күн (сыз бе- ріп) көтерілді - A.E.)» «سَكَلْ سُزْدِيٌّ Søkel syszdy: Соқел сызды - Науқас азды, науқас арып азды.» Басқаларға да осы секілді. (سُزْمَقٌ سُزْأَرٌ - سُزْمَقٌ Syszar-sýzmaq: Сызар-сизмақ - Күн шапағы шығар - күн шапағы шықпақ.)
قَزْدِيٌّ KAZDЫ	ҚАЗДЫ: қазды.
	«اَرْ اَرْقَ قَزْدِيٌّ Eg alyk kazdy: Ер арық қаз- ды - Адам арық қазды.» Басқаларға да осы секілді. «اَتْ بَعْرَ قَزْدِيٌّ At kazdy: Ат қазды - Ат жер тарпыңы, яғни ауыздығын шайнап, алдыңғы аяғымен жер қазды, тарпыды.» (قَزْأَرْ - قَزْمَاقْ Qazar-ķazmaq: Қазар-қазмақ - Қазар-қазбақ.)
گَزْدِيٌّ KEZDI	КЕЗДІ: кезді.

\* Жазба нұсқасында: «сүзді», ал баспа нұсқасында «сызды» деп жазылған.

أَلْ يِرِكْ كَزْدِيْ «Ol jerig kezdi: Ол иеріг кезді - Ол жер кезді; Ол жер кезіп шықты.»  
كَزْمَاكْ كَزْأَرْ - Kezer-kezmek: Кезер-кезмек - Кезер-кезбек.)

### بَسْدَى BASDЫ

БАСДЫ: басты.

أَنِي بُرْتْ بَسْدَى Apы burt basdy: Аны бұрт басды - Оны қара басты»; Beg el basdy: Бег ел басды - Бег ел басты; бек елді (қара басқандай) басып алды»;  
بَكْنِي يَغْنِي بَسْدَى Begni jaғы basdy: Бегні иағы басды - Бекті жау басты.» Басқаларға да осылай айтылады.«Er қызығ basdy: Ер қызығ басды - Ер қызды басты.»  
إِلْ كَيْكَنِي بَسْدَى It kejikni basdy: Ыт кейікні басды - Ит киікті басты; ит киікті басып алды.» Basar-basmak: Басар-басмақ - Басар-баспақ)

### بَسْدَى BUSDI

БҰСДЫ: ұрды; ұрып жықты.

أَرْ قُلْنْ بَسْدَى Er құлын busdy: Ер құлын бұсды - Ер құлын ұрып жықты. (Соққыға жықты - A.E.)» Basar-busmaқ: Бұсар-бұсмақ — Ұрып жығар-ұрып жықпақ).

### بَسْدَى PUSDЫ

ПҰСДЫ: бұрді; басты; бұкті.

بَلْ يَغْنِي قَا بَسْدَى Beg jaғықа pusdy: Бег иағықа пұсды - Бек жауын (байлан-буып тас-

тау үшін) бұрді.» (بُسَارْ - بُسْمَاقْ) Pusar-pusmaқ:  
Пұсар-пұсмақ - Бұктер-бұктемек.)

### قىسىدى ئىزدى QUSDЫ

ҚҰСДЫ: құсты.

«أَرْ قَسْدِيْ» Ег құsды: Ер құсды - Адам  
құсты.» Басқаларға да солай қолданыла-  
ды. (قسَارْ - قُسْمَاقْ) Қusag-қusmaқ: Құсар-  
құсмақ - Құсар-құспақ.)

### قىسىدى ئىزدى QUSDЫ

ҚҰСДЫ: құсты; бұзылды.

«بُدْغُ قُسْدِيْ» Возиғ құsды: Бодзұғ құсды -  
Бояу құсып кетті. (Бояу бұзылды.)»

### قىسىدى ئىزدى QYISDЫ

ҚЫСДЫ: қысты.

«قَبْعَ آرْكَ آذَاقِنْ قَسْدِيْ» Қарығ егіг азақып  
қыsды: Қапуғ ер адзақын қысды - Қақпа  
адамның аяғын қысты.» Сол секілді, бір  
нәрсені бірдене қысып қалғанда да осылай  
қолданылады. (قسَارْ - قُسْمَاقْ) Қыsag-қыsmaқ:  
Қысар-қысмақ - Қысар-қыспақ.)

«أُلْ آنْلَ تُونْلَقْنَ قَسْدِيْ» Ol аның тонлықын қыsды: Ол оның  
тондығынан (киімінен) қысып қалды.» Бір  
нәрсе бір жерінен ілініп, ұсталып қалса да  
осы мағынада айтылады.

### كىسىدى ئىزدى KESDI

КЕСДІ: кесті.

«أُلْ يَغَاجْ كَسْدِيْ» Ol жығаш kesdi: Ол иығаш  
кесді - Ол ағаш кесті.» Басқалар да сол се-  
кілді. (إِغْرِ يَغَاجْ Keser-kesmek: Кесер-кесмек

- Кесер-кеспек.) Мақалда былай айтылып-  
Uj- أیغىر يغاچ ازۇن كەس تەمۇر قىسا كەنس «  
ты: ئەپەر يغاچ ازۇن كەس تەمۇر قىسا كەنس»: Үйғұр  
иығаш үзүн кес темүр қысқа кес: Үйғұр,  
ағашты үзын кес, темірді қысқа кес; Яғни,  
ағаш кессең - үзын кес, темір кессең - қыс-  
қа кес.» Өйткені, темірді үзартуға болады.  
Олардың бір жаршысы бар, сол күн сайын  
осы секілді даналық сөздерді ел-жүртқа ай-  
тып, үйретіп отырады.

**كىسىدى** KYSDI

КҮСДІ: кейіді; жүзін бұрды.

«أَلْ آنْدَنْ كُسْدِيْ Ol andын kysdi: Ол андын  
күсді - Ол одан жүзін бұрды. (Ол оған кей-  
іді).» كُسْار - كُسْمَاكْ Kyser-kysmek: Күсер-  
күсмек - Кейір-кейімек.)

**پۇشىدىم بىشىمىم** PUŞDYM ПҰШДЫМ: зеріктім; ішім пысты.

«مَنْ بُو ايشَدَنْ بِشَدَمْ Men bu ышдын puşdym: Мен бү ышдын пұшдым - Мен бұл  
істен зеріктім.» بِشَمَازْمَنْ - بِشَمَاقْ Rıshmazmen-  
riştaq: Пұшмазмен-пұшмақ - Зерігермін-  
зерікпек.) Мақалда былай қолданылған:

بِشَمَازْ بُوزْ قَشْ تُتَارْ اِيْقَسَارْ اُرْوَنْلَكْ قَشْ «  
Rıshmasar boz қүш tutar, evmeser үгүң  
қүш tutar: Пұшмазар боз қүш тұтар, евмесер  
үрүң қүш тұтар - Зерікпеген (жалықпаған)  
боз құс ұстар, саспаған ақ құс ұстар.» Адам  
шыдамды тәзімді болса, ақ лашын ұстап алар,  
әбдіреп саспаса, лашынның ең жақсысын

ұстар. Бұл мақал бір істе көздеңген мақсатқа жету үшін сабырлы, төзімді болу керек дегенді білдіреді.

### • پىشىدى رېشىدە

ПЫШДЫ: пысты; пісті.

«اَشْجَعْ بِشْدِي» Ашып рышды: Ашып пышды - Қазан әзір болды, яғни сорпа пісті.» «يَمِشْ بِشْدِي»

Јеміш рышды: Иеміш пышды - Жеміс пісті.»

### • پىشىدى رېشىدە

ПЫШДЫ: післілдерді; пісті.

«اَرْ قَمْزَ بِشْدِي» Ер қытыз рышды: Ер қымызды пышды\* - Адам қымызды післілдерді; Қымызды бабына келтіру үшін пісті.»

(بِشْمَازْ - پышмаз - Рыштаз-рышмақ: Пышмаз-пышмақ - Піспес-піспек.)

### • تاشىدى تاشىدە

ТАШДЫ: тасты; тасыды.

«اَشْجَعْ تَشْدِي» Ашып ташды: Ашып ташды - Қазан тасыды.» «سُوقْ تَشْدِي» Suv tashdy: Сув ташды - Су тасыды.» Су өзен арнасынан, не ыдыстан асып төгілсе де осылай дейді.

(تَشَارْ - تاشаг - Ташар-таштақ: Ташар-ташмақ - Тасыр-таспақ.)

### • تۇشىدى تۇشىدە

ТҰШДЫ: тұс келді; ұшырасты.

«اَلْ مَنْكَا تَشْدِي» Ol maңa tiшdy: Ол маңа тұшды - Ол маған тұс келді; Ол маған ұшы-

\* Көдімгі іркіт пісу, саба пісу дегендер осы «пышты-пісті» сөзінен қалғандай. А.Е.

расты.» تُشار - تُشماق (Тишаг-тиштақ: Тұшар-тұшмақ - Ұшырасар-ұшыраспак.)

TYШDI تُشدى TYШDI تُشدى

TYШDI تُشدى

«اَرْ اَتَنْ تُشْدِي» Er atтын түшdi: Ер аттын түшді - Ер аттан түсті.«اَرْ تَامِدِنْ تُشْدِي» Er tamdyн түшdi: Ер тамдын түшді - Ер тамнан түсті.» Аттан құлап түскенде де осылай дейді. Бір нәрседен құлағанда, жығылып түскенде де осы сөз қолданылады. تُشار - تُشماق (Түшег-Түштек: Түшер-түшмек - Түсер-түспек.)

Жырда былай делініпті:

« تَكْرِراً أَلْبِ أَكْرَامٍ  
أَتَنْ تُشْبِ يُكْرَامٍ  
أَرْسَلَنْ لَيُوْ كُكْرَلِيمٍ  
كُوْجِي أَنْ كَفِلْسُونْ

Tegre alyr egrelim,  
Attyн tushyp jygrelim,  
Arslanlaju kокrelim,  
Kүши aнын kevilsyn:

Тегре алып егрелім,  
Аттын түшүп иүгрелім,  
Арсланлауу көкрелім,  
Күши анын кевілсүн -

Коршап алып иірейік,  
Аттан мүсін жүгірейік,

*Арыстандай құркірейік,  
Күші оның кемісін.»*

(Жауды шыр айналдыра қоршап алып иірейік; Аттан түсіп, арыстандай құркіреп жүгірейік; Содан жаудың қүші қайтып, жасып, пұшайман болсын!)

Мақалда былай айттылған:

«**إِبْلَكْ سَنْكَاكْ سُونْتَكاْ تُشُورْ** Evek siңek sүtke түшүг: Евек сіңек сүтке түшүр - Сасқан шыбын сүтке түсер; әбдіреген шыбын сүтке түсер.» Бұл мақал істі асып-саспай істеу көрктігін түсіндіреді.

**SEШDI** СЕШДІ: шешті.

«**أَرْ أَتْنَ كَشْنَ سَشْدَى** Er attyn kішеп сешді: Ер аттын кішеп сещі - Ер аттың кісенін шешті.» Ағытылған, байлаудан шешілген нәрсенің барлығына осы сөз қолданылады.

(**Sَشَارْ - سَشْمَاكْ** Sesher-seshmek: Сешер-сешмек - Шешер-шешпек.)

**КОШДЫ** ҚОШДЫ: қосты.

«**أَلْ قُويْقاْ أَجْكُوْ قُشْدَى** Ol қойқа ешқұ қошды: Ол қойқа ешқұ қошды - Ол қойға ешкі қосты.» Бір нәрсені екінші бәр нәрсеге қосқанда, араластырғанда осы сөз қолданылады. «**أَلْ بَيْرْ قُشْدَى**» Ol жыг қошды: Ол иыр қошды - Ол жыр қосты; Ол жырлады; жырга қосты.» (**قُشْمَاقْ - قُشْمَاكْ** Кошаг-қоштақ: Кошар-қошмақ - Қосар-қоспақ.)

**БОФДЫ** БОФДЫ: буды; буындырды; булықтырды.

سَشْدَى

قُشْدَى ҚОШДЫ

بَغْدَى بОФДЫ

«اَلْ اَرْنِي بُغْدَى» Ol erni bogdysy: Ол ерні бօғды - Ол ерді бұлықтырды (ашуландырыды).»  
 Басқалар да сондай. (Богаг-богтақ: Богар-боғмақ - Ашуландырар-ашуландырмақ.)

## ٦ تُغْدِي TUFDЫ

TYFDЫ: туды.

«كُونْ تُغْدَى» Kyn tufdysy: Күн түғды - Күн туды; күн шықты.» «اَغْلُ تُغْدَى» Ogul tufdysy: Оғұл түғды - Ұл, туды.»  
 Мақалда былай деп келген: مُوش اَغْلَى مِيَاوْ تُغْنَى Miş oғly tuғar: Мүш оғлы мүиавү түғар - Мысықтың баласы мияулап туар.» Бұл мақал мінез-құлқы атасына тартқан балаларды меңзеп айтылған. (Туғар-түғмақ: Тұғар-түғмақ - Туар-тумак.)

## ٧ تُغْدِي TYIFDЫ

TYFDЫ: қайрады; қажады.

«اَقْ بَشَّقْنَ تَاشْ تُغْدَى» Ok bashaqyn tash tyifdysy: Оқ башақын таш тығды - Оқтың басын тас қажады.» Оқтың ұшын тас қайрап, қайтарып өтпестей мүқалтып тастады демекші.

(Тығар-тығмақ: Тығар-тығмақ - Қажар-қажамак.)

## ٨ جَعْدِي ЖЫFDЫ

JYIFDЫ: буып-түйді; байлады.

«اَلْ تُرْكَانْ جَعْدَى» Ol tүrgek жығdysy: Ол түргеқ жығды - Ол түйіншегін (дорбасын) буып-түйді (жииды - А.Е.).» Басқаларға да

осылай айтылады. **Жығаг-жығтақ:** Жығар-жығмақ - Буар-бұмак.)

**سَعْدِي** SAFDЫ САФДЫ: сауды.

«**أَرْ قُوَى سَعْدِي**» Er қој safdы: Ер қой сафды  
- Адам қой сауды.» Басқалары да осындей.  
**سَعْغَار سَعْمَاق:** Saғar-saғmaқ: Saғap-saғmaқ -  
Саяар-саумак.)

**سَعْدِي** SOFDЫ СОФДЫ: құрт алды; құрт қайнатты.

«**أَلْ قُوَى دَنْ قُرْت سَعْدِي**» Ol қojdan құrt sofды:  
Ол қойдан құрт соғды - Ол қойдан құрт  
алды..» (Ол қойдың сүтінен құрт өзірлеп  
алды.) Бұл сөздің негізі: «**سَعْرَدِي**» sofurdы:  
соғурды» болып, суырып, сорғытып сүттен  
құртты айырып алды деген мәнді білдіреді.  
**سَعْغَار سَعْمَاق:** Sofar-soғmaқ: Sofap-soғmaқ -  
Құрт алар-құрт алмақ.)

**سَعْدِي** SYIFDЫ СЫІФДЫ: сыйды; сінді.

«**بُو سُوز كِنْكِلْكَا سَعْدِي**» Bul soz kөnүлge syifды:  
Бұл сөз көнүлге сыйды - Бұл сөз көнілге  
сыйды.» **أَوْن قَابِقا سَعْدِي**» Un қарқа syifdы:  
Ұн қапқа сыйды - Ұн қапқа сыйды.» Басқа  
нәрселерге байланысты да осы сөз қол-  
данылады. **Syifgar- syifmaқ:** Сыяар-сыймақ -  
Сыяар-сыймақ - Сыяар-сыймақ.)

**تَقْدِي** TEVDI ТЕВДІ: тізді; тартты.

«**أَلْ أَتِيك سَشْقا تَقْدِي**» Ol etig syıshqa tevdı:  
Ол етіг сышқа тевді - Ол етті істікке тізді.»

Basqalarғa да осындей. تَفَارْ - تَفْمَاكْ Tever-tevmek: Тевер-тевмек - Тізер-тізбек.)

**سَفْدِي** SEVDI

СЕВДІ: сүйді.

«اُلْ مَنِي سَفْدِي» Ol meni sevdi: Ол мені севді  
- «Ол мені сүйді..» سَفَارْ - سَفْمَاكْ Sever-sevmek:  
Север-севмек - Сүйер-сүймек.)

Мақалда, былай деп келген: تَبَغَان يُكَرْ كَنْ تَلْكُو سَفْمَاسْ Tajfan jүggrugyngin tilky sevmes: Тайған иұгрұғұн тілкү севмес - Түйғынның жүйрігін тұлқі сүймес!»  
Өйткені, түйғын тазы тұлқі алады. Бұл мақал тендерес, замандастарының арасында білім-парасатымен, өнерлі қасиеттерімен озық шығып, ұstem тұрган адамға айтылады; сол артықшылығына бола тұстастарының қызғаныш зымияндышына, қастандық әрекеттеріне ұшыраған адамға айтылады.

**قُفْدِي** QOVDI

ҚОВДЫ: қуды.

«اَتْ كَيْكِنِي قُفْدِي» It kejikni kovdy: Ыт кейікні қовды - Ит қиікті қуды.» Біреу біреуді қуа шықса, яғни соңынан іздеп, із кесіп түссе де осылай айтылады. قُفَارْ - قُفْمَاقْ Kovar-kovmaq: Қовар-қовмақ - Қуар-қумак.)

**كَفْدِي** KEVDI

КЕВДІ: шайнады.

«اَرْ سُوزُكْ كَفْدِي» Er səzyg kevdi: Ер сөзүг кевді - Ер сөзін шайнады.» Тілін шайнап сөйледі. Бұл соз تَنْجُونِي كَفْدِي Tapjipis kevdi: Танжұны кевді - Тағам кесегін шайнады» деген мағынадан туындаған. كَفَارْ - كَفْمَاقْ Ke-

ver-kevnek: Кевер-кевmek - Шайнар-шайна-  
мақ.)

**БАҚДЫ**

БАҚДЫ: қарады; бақты.

«أَلْ مَنْكَا بَقْدِي» Ol маңа бақды: Ол маңа бақ-  
ды - Ол маған бақты (ол мені бақты).»  
Baqar - بَقَارُ - بَقْمَاقُ (Baqar-baqtaq: Бақар-бақтақ -  
Қарар-қарамақ.)

**БҮҚДЫ**

БҮҚДЫ: бүкті.

«أَلْ آذَاقَنْ بَقْدِي» Ol азақып биқды: Ол адза-  
қын бүқды - Ол аяғын бүкті.»  
Biqar - بُقَارُ - بَقْمَاقُ (Biqar-biqtaq: Бүқар-бүқтақ - Бүгер-  
бүкпек.)

**ТЫҚДЫ**

ТЫҚДЫ: нығыздады; тықты.

«أَلْ قَابِقاً أُونْ تَقْدِي» Ol қарқа up тықды: Ол  
қапқа ұн тықды - Ол қапқа ұн тықты; (Ұнды  
қапқа нығыздан салды.)» Бір нәрсені ыдыс-  
ка нығыздан тыққанда да осы сез қолданы-  
лады. Жүзімдері сіресіп, тығыз сығылысып  
турған жүзім собығын да «رم نَفْمَا اَرْمَأْ» Тықта  
ұзұм: Тықма ұзұм - Тықпа ұзім,- дейді.

**ТАҚДЫ**

ТАҚДЫ: тақты.

«اَرْ بَرْ نَدْقَ بَقْلُوْقَا تَقْدِي» Eg burunduk butluqa\*  
taқды: Ер бүрүндүк бүтлүқта тақды - Ер  
(түйенің) мұрынының жұмсақ жеріне мұрын-

\* «Butlu: палочка-стержень для поводка, продеваемая в нос верблюду (МК 1.430); Er burunduk butluqa taқды — мужчина привязал бурундук к палочке (МК. 11.16).». (ДТС., стр.130). Яғни «сірге» мәнінде. А. Е.

дық тақты.» (Оғызша.) Ол қапқа үн тықды -  
Ол қапқа үн тықты; (Үндү қапқа нығыздап  
салды.)» Басқа да нәрсеге байласа, тақса  
осы сөз қолданылады. تَفَارْ - تَقْمَاقْ (Taqar-  
taqtaq: Taqar-taqmaq - Taqar-taqpak.)

## جَقْدِي

### ЖАҚДЫ

ЖАҚДЫ: жақты.

«اُل سُوْزْكَ آنْكَ قُلَّاْ جَقْدِي» Ol səzүг аның  
құлаққа жақты: Ол сөзүг аның құлаққа жақ-  
ты - Ол сөзің оның құлағына жақты; ( Ол  
сөзің оның құлағына жетті, мәнін естіп түсін-  
ді.) (Оғызша.)

## جَقْدِي

### ШАҚДЫ

ШАҚДЫ: шақты.

«اُل اِكْكِي كَشْتِي آرَا جَقْدِي» Ol ikki kiші ара  
шақды: Ол іккі кіші ара шақды - Ол екі кісі-  
нің арасын шақты (бұзды); «اُل جَقْمَاقْ جَقْدِي» Ol shaqmaq shaqda: Ол шақмақ шақды - Ол  
шақпақ жақты.» (Шақаг-шақтақ: Shaqar-shaqmaq - Shaqar-shaqpaq.)  
«Шақмақ» сөзі есім де, түйік райлы етістік  
те болады.

## جَقْدِي

### ШОҚДЫ

ШОҚДЫ: қонды; құлдилап атылды.

«قُشْ جَقْدِي» Қишлоқ шоқды: Құш шоқды - Құс  
қонды.» (Жақар - جَقْمَاقْ) (Шоқаг-шоқтақ: Shoaqar-shoqmaq - Atylar-atalymak.)

Жырда былай деп келген:

أَرْنَ قَمْخُ أَرْتَدِي نَانْكَلَرْ اَذُو

تَفَارْ كُرْبَ اُسْنَلِيُو اَسْكَا جَقْمَاقْ

*Eren қатыс artadы neçler изи  
Tavar kөрүп uslaju eske шоқар:*

*Ерен қамұғ артады неңлер үдзү,  
Тавар көрүп ұлашу\* еске шоқар -*

*Күллі ерендер нәрсе қызылды,  
Мұлік көріп, құзғын құстай қуылды.»*

(Барлық адамдар нәрсе-мұліктің сонында бұзылды, ақлиқаты азды; Мал-мұлік көрсе, өлексеге атылған құзғындей құлдилап қонды.)

شەقىتى شەقىتى: شەقىتى.

«أَرْ أَفْدَنْ جَقْتَى» Er evdin шықты: Ер евдін шықты - Адам үйден шықты.» Басқаларға да сон-дай. Мақалда былай деп келеді:

كۈچ ئَلَّدِينِ كِرْسَا تُرُو تُنْكَلْكَ تَنْ جِقاَرْ» كүش eldin kirse төрү түнгүктен шықаг: Күш елдін кірсе төрү түнгүктен шықар - Күш есікten кірсе, жөн-жосық, ынсан түндіктен шығар.» Күш, зорлық-зомбылық табалдырықтан ат-таса, есікten кірсе, ынсан өділдік түндіктен шығар. (جِقاَرْ - جِقْمَاقْ) Шықаг-шықтақ: Шықар-шықмақ - Шығар-шықпақ.)

سۇكىم SUKDUM СҮКДҮМ: сүктым; кіргіздім.

Men anы evge suқdum: Мен аны евге сұқдым - Мен оны үйге кіргіздім.

\* Бұл сөзді Б. Аталай «құзғын» деп оқып түсіндіреді. «<sup>•</sup> Us: Ұс - Құзғын».

Басқаларға да осы мағынада айтылады. Балтансың сабын нығап сүкқанды, сол секілді бір нәрсені екінші бір нәрсеге кіргізгенде осы сөз қолданылады.

سُقْدَى SOKDЫ

**СОҚДЫ:** соқты; жаншыды; түйді.

«**اَرْ تُوزْ سُقْدَى**» Er tuz soқды: Ер тұз соқды -  
Адам тұз соқты (уатты, майдалады. А.Е.).»  
Басқаларға да осы тәрізді.

سُقْدَى SOKDЫ

**СОҚДЫ:** шоқыды; шұқыды.

«سُقْدَى مِنْكَ قُشْ كَوْشْ سَقْدَى» كүш тен сокды: Күш мен сокды - Күс дәнді шоқыды»

سُقْدَى SOKDЫ

## СОКДЫ: шакты.

«أَنِي يَلَانْ سُقْدَى» Aны жылан соқды: Аны иылан сокды - Оны жылан шақты.» (Оғызша.) *سُقَارْ - سُقْمَاقْ* Soqar-Soqmaq: Соқар-соқмак - Шағар-шакпак.)

سۇقىدى سەقىدى SYIKDYS

## СЫКДЫ: СЫКТЫ.

«**اَلْ اَزْمَ سَقْدَى**» Ol үзүм сыйды: Ол үзүм сыйды - Ол жүзім сыйкты.» Басқаларға да осы тәрізді. **سِقَارٌ - سَقْمَاق** (Sықар-сықмақ) Сықар-сықмақ - Сығар-сықпақ.)

جعفری

**БҮКДІ:** жасырынды; бүгілді; бүкты.

Ол мені көрүп бұқді - Ол мені көріп бұқты,

**بُكْدی** بӨКДІ

яғни мені көріп жерге еңкейіп жасырынды.»

БӨКДІ: бекті.

«اَلْ اَشْدَنْ بُكْدِي» Ol aшдын bөkdi: Ол ашдын бөкді - Ол асқа бекті; яғни астан бүгілердей тойынды.» «اَلْ تَهَارْقَا بُكْدِي» Ol tavarqa bөkdi: Ол таварқа бөкді - Ол тауарға бекті; оның көзі мал-мұлікке тойды.» Басқаларға да осы тәрізді. **بُكْارْ - بُكْمَاكْ** Bөker-bөkmek: Бө-кер-бөмек - Бөгер-бөкпек.)

**بُكْدی** بӨГДІ

БӨГДІ: бөгеді; жиды.

«اَلْ سُفْعَ بُكْدِي» Ol suvuf bөgdi: Ол сұвұғ бөгді - Ол суды бөгеді; суды тоқтатып, жиды.» Сол секілді: **بَكْ سُوْسِنْ بُكْدِي** Beg sysin bөgdi: Бег сүсін бөгді - Бек қосынын жиды.» **بُكْارْ - بُكْمَاكْ** Bөger-bөgmek: Бөгер-бөмек - Бөгер-бөгемек). Көп әскердің аққан суға үқсайтындығын білгендей де: **سُوفِ آقْتِي** Syv aқdys: Сув ақды - Су акты; **سُوفِ آقْتِي** Sy aқdys: Сұ ақды - Қосын (әскери қол) акты» дейді.

**تُكْدی** ТӨКДІ

ТӨКДІ: текті.

«اَغْلَانْ سُوفِ تُكْدِي» Oflan suv tөkdi: Оғлан сув төкді - Оғлан су текті.» **تُكْارْ - تُكْمَاكْ** Tөker-tөkmek: Төкер-төкмек - Төгер-төкпек.) Мақалда былай деп келеді:

«اَغْلَانْ سُوفِ تُكْارْ اَلْغَ يَانِي سِنُورْ» Oflan suv tөker

uluf жапы сынур: Оғлан сув төкер үлүғ ианы сынүр - Бала су төгер, үлкеннің аяғы сынар.» (Оғлан су төгер, соған тайып үлкендердің аяғы сынар. - А.Е.) Бұл мақал жастардың кемшілігі, қатесі үшін үлкендердің зиян шегетінін білдіру үшін айтылады.

## تَكْدِي TEGDI

ТЕГДІ: жетті мағынасында.

«اُل افْكَا تَكْدِي» Ol evge tegdi: Ол евге тегді - Ол үйге жетті.» Басқаларға да осы тәрізді.

(Teger-tegmek: Тегер-тегмек - Жетер-жетпек.) Мақалда былай деген:

«اَبْكَ اَنْكَا تَكْمَاسْ» Evek evge tegmes: Евек евге тегмес - Абдырап сасқан адам үйге жетпес.» Өйткені, ол асып-сасып әбдіреп шаба бергендіктен атын болдыртып алады да, ылаусыз қалып өкінеді. Бұл мақал кісілерге істе әбдіреп, үщқалақтыққа салынбай, мұқият болуды мегзеп айтылған.

Жырда былай деп келген:

«اَنْغَلَرْ اَقْنِي اَزَاقْ  
تَكْمَدِي بُو سَافْ اُشاقْ

*Atgalыр оқны азақ  
Тегмеди бу сав ишақ:*

*Атгалыр оқны азақ,  
Тегмедин бү сав үшақ -*

*Қаңғыма оқ атып еді,  
Бұл үсақ сөз дарымады.»*

(Бір ойнақ қатын қаңғыма оқ атып еді, бұл үсақ сөзи маған дарымады.)

**تُكْدِي** TYGDI

ТҮГДІ: түйді.

«اَرْ تُكُونْ تُكْدِي» Er tÿgyn tÿgdi: Ер түгүн түгді - Ер түйін түйді.» Бұл сөз басқаларға да осылай қолданылады. (تُكْمَانْ - تُكْمَانْ) Tÿger-tÿgmek: Түгер-түгмек - Түйер-түймек).

Мақалда былай деп келеді:

تِيلْ تُكْمِشِنِي تِيشِنْ بَزْ مَاسْ Tylyp tÿkmeshni tÿishen bazz mas: Тылып түгмішні тышын иазмас - Тілмен түйілген тіспен жазылмас, яғни тілмен түйілген, тіспен шешілмес.» Бұл мақал уәдеде түруды үндеп айтылған.

**تِكْدِي** TIKDI

ТИКДІ: тікті; шақты.

«اَرْ تُونْ تُكْدِي» Er ton tikdi: Ер тон тікді - Ер тон тікті.» Atýf jylan tikdi: Атыф иылан тікді - Атты жылан шақты.» Басқалар да соңдай. Шаян шақса да осылай дейді. «اَرْ يَفَاجِ تُكْدِي» Er jyfash tikdi: Ер иығаш тікді - Адам ағаш тікті.» Бір нәрсені тіккенде де осылай дейді. (تُكْمَانْ - تُكْمَانْ) Ticer-tikmek: Тікер-тікмек - Ticer-tíkpek.)

ماқалда былай деп келген: تُكْمَاكْنِجَا اِنْمَاسْ Tikmeginше үнmes, tilemegin-ше bulmas: Тікмегінше үнмес, тілемегінше булмас- Тікпейінше өнбес, тілемейінші болмас.» Демек, ағашты тікпейінше, екпейінше өнбейді, тілек іздеп, тілемейінше келмейді. Бұл мақал бір істе ойға алған мақсатқа жету

үшін тырысып, талаптану қажеттігін түсінілдіреді.

جَنْدِي  
جَنْدِي

ШЕКДІ

ШЕКДІ: шекті; нұкте қойды.

«أَلْ بَتِكْ جَنْدِي» Ol bitik shekdi: Ол бітік шекді - Ол хатқа нұкте қойды.» «أَلْ أَتَنْ جَنْدِي» Ol atyn shekdi: Ол атын шекді - Ол атын шекті; Ол атының тамырынан қан алды.»

(جَكَارْ - جَكْمَانْ) Шекер-шектек: Шекер-шектек - Шегер-шептек.)

جَنْدِي  
جَنْدِي

ШӨКДІ

ШӨКДІ: шөкті.

«أَلْ بَكْكَا جَنْدِي» Ol begke shekdi: Ол бекке шөкді - Ол бекке шөкті (тізе бұкті).» Басқаларға да осылай. «تَهْ جَنْدِي» Teve shekdi: Теве шөкді - Түйс шөкті; «تَمْ سُفْدَا جَنْدِي» Temys suvda shekdi: Темұр сұвда шөкді - Темір суда шөкті; яки темір су түбіне батты.» Басқаларға да сондай. (جَكَارْ - جَكْمَانْ) Шекер-шөктек: Шекер-шөкмек - Шегер-шөкпек.)

جَنْدِي  
جَنْدِي

ШЕГДІ

ШЕГДІ: байлады; буды.

«أَلْ تَرْكَانْ بَاغْنَ جَنْدِي» Ol terkek baqyn shegdi: Ол терек бағын шегді - Ол торбаның бауын байлады.» (جَكَارْ - جَكْمَانْ) Шегер-шегтек: Шегер-шегмек - Байлар-байламак.)

سُكْتَى  
سُكْتَى

СӨКДІ

СӨКДІ: сөкті.

«أَلْ يَمَاعْ سُكْتَى» Ol jamaf sokdi: Ол иамағ сөкді - Ол (киімнен) жамау сөкті.» (سُكْتَى) «أَفْنَ سُكْتَى» Afan sketi:

سُكْتى سُكْتى SƏKDI

Ol evin səkdi: Ол евін сөкді - Ол үйін сөкті.»  
 СӨКДІ: шөкті.  
 «اَل بَكْكَا سُكْتى» Ol begke səkdi: Ол бегке сөкті - Ол бекке тізелеп шөкті.» Басқаларға да осылай. «سُكَا اُلتُر» Səke oltur: Сөке олтүр - Шөке түсіп отыр.» Жүрелеп отыр деген мағынада, бәрі де содан туындаған. Səker-səkmek: Сөкер-сөкмек - Шөгер-шөкпек.)

سِكْتى سِكْتى SIKTI

CIKTI: сікті.

«اَر اَراغْتى سُكْتى» Er ıragutны sikdi: Ер ұрафутны сікді - Ер қатынды сікті.» (Скар - سُكْمَان - سُكْمَان) Siker-sikmek: Сікер-сікмек - Сігер-сікпек.)

بُلْدِي بُلْدِي BOLDI

БОЛДЫ: тапты.

«اَل يِرْمَاق بُلْدِي» Ol jarmaq boldy: Ол иармак болды - Ол ақша тапты.» Басқалар да осындаидай. (Болур - بُلْمَاق - بُلْمَاق) Bolur-bolmak: Болұр-болмақ - Табар-таппак.)

بُلْدِي بُلْدِي BILDI

БІЛДІ: білді.

«اَل بِلْك بُلْدِي» Ol bilik bikdi: Ол білік білді - Ол білік білді.» Ілім, білім, өнер үйренді. Басқаларға да осы секілді. (Білір - بِلْمَار - بِلْمَار) Bilir-bilmek: Білір-білмек - Білер-білмек.) Арғулар «بُلْور بِلْغَر» bılğr: білұр» түрінде айтады. Яғни «ж - л» әрпін зәммалық етіп дауыстайды. Басқа түріктердің айтуына сәйкес келмейді.

**تَلْدِي** TELDI

ТЕЛДІ: тесті; ойды.

«اَرْ تَامْ تَلْدِي» Ol tam teldi: Ол там телді - Ол тамды тесті.» Басқаларға да сондай..

**تَلْدِي** TELDI

ТЕЛДІ: теліді.

«اَلْ اَغْلَاقُغْ سَعْنَقَا تَلْدِي» Ol oflaqıg safılyqka teldi: Ол оғлақығ сағлыққа телді - Ол лақты саулыққа теліді.» Саулық суалып кеткенде, не өліп қозы, лағы жетім қалғанда, не қозысы өліп қалғанда осылайша телінеді.

(**تَلِيرْ** - **تَلْمَكْ**) Telir-telmek: Телір-телмек - Телір-телімек.)

**تَلْدِي** TULDЫ

ТҮЛДҮ: үрды; (ойнады).

«اَرْ تُبْقَنِي آذْرِي بِلا تَلْدِي» Er torıqny azgy bile tuldy: Ер топықны адзры біле түлдү - Адам тобықты аша таяқпен үрды.» Тұріктерге тән ойынның түрі. Ойыншылар ойынды бірінші болып бастағысы келсе, тобықты ашата-яқпен үрады. Кім тобықты\* қатты, алысқа соқса, сол ойынды бастайды. Ілеқеш ойыннанда да (уәллай - A.E.) Tuldы: «**تَلْدِي**» Tuldы: «**تَلْدِي**» Түлдү» деп айттылады. (**تَلَارْ** - **تَلْمَاقْ**) Tular-tulmaq: «**تَلَارْ** - **تَلْمَاقْ**» Тұлар-тұлмақ - Ұрап-ұрмак.)

**تَلْدِي** TILDИ

ТІЛДІ: тілді.

«اَرْ يِرِنْدَاقْ تَلْدِي» Er jaǵyndaq tildi: Ер иарын-

\* Біз «тобық» сезін «тобық» деп түпкі магынасында алдық. Шын мәнінде «топ, доп» болуы. Ойынды сипаттауда қарағанда, «доп» ыңғайлышырақ. Б. Аталаіда - «доп», Көне түрік сөздігінде «мяч» (ДТС., стр. 585) магынасында алынған. A.E.

дақ тілді - Ер қайыс тілді.» Бір нәрсені ұзынан тілгенде осы сөз қолданылады.

(تِلْهَكْ - تِلْهَكْ Tiler-tilmek: Тілер-тілмек - Тілер-тілмек).

## شالدى شالды

ШАЛДЫ: шалды\*.

«اُنْ آنِي جَلْدِي Ol аны shalды: Ол аны шалды - Ол оны шалды; шалып жықты.»

«اُنْ سُوْزُكْ مَنْكْ قُلْفَا جَلْدِي Ol səzүг менің құлаққа шалды: Ол сөзүг менің құлаққа шалды - Ол сөзін менің құлағыма шалындырды; Ол сөзін менің құлағыма есіттірді.» (Оның сөзі менің құлағыма шалынды, ... салынды. А.Е.) Мақалда былай деп келген:

«جَقْسَا تُتْنُور جَلْسَا بِلْنُور» Шақса tutnur шалса bilnүр: Шақса тұтнұр, шалса білнұр - Шақса - тұтанар, естілсе - білінер.» (Шақпақ шалылса - от тұтанар, сөз шалынса - ой-ниетін білінер.)

ШАЛДЫ: соқты; қақты.

«تُونْغ تاش اُزْرِ جَلْدِي Tonur таш үзе shalды: Тонұр таш үзе шалды - Киімін тас үстіне қақты.» Яғни, кір жуушы киімін тас үстіне соғып қақты. Жырда былай деп келеді:

«اَنِمْ تُوْتِبْ قُذِي جَلْدِي

«اَنِكْ تُوْسِنْ قِرَا بِلْدِي

\* «Шалды» сөзі қазір аудында тілімізде көбінесе «шалды, жықты, шалып жіберді» мағынасында қолданылып жүр. Ал, оның «құлаққа шалынды (ес-тілді)», «құрмалдық шалды», «шалып жіберді» (сойды, кесті, орып жіберді) секілді мағыналық рендері сол заманда-ақ болған. А.Е.

بَشْ أَلْبُ قَذِي سَلْدِي  
بَغْرَ أَلْبُ تَكْلُ بَغْدِي

*Бітім тұтып қызы шалды  
Алың тысін қыра жұлды  
Вашып алып қызы салды  
Вогиғ алып түгел борғы:*

*Бітім тұтып құдзы шалды,  
Аның туңсін қыра иұлды,  
Башын алтың құдзы салды,  
Богұз алтың жағел борғы -*

*Итім тұтып жерге жықты,  
Оның түгін тұңғын жұлды;  
Бастан алтың тәмән салды (қайырды),  
Тамақтан ап түгағ бұды.»*

(Менің итім (бөріні) тұтып, жерге жықты; жүнін түгел жұлды; басын қайырып, алқымынан алтып буындырды, бүрді.)

(شالار-شالماق Shalar-shalmaq: Шалар-шалмақ - Соғар-соқ-пак.)

## سَلْدِي SALDЫ

САЛДЫ: салды; бұлғады; шығарды.

«أَلْ مَنْكَا تُونْ سَلْدِي» Oл маңа тонын салды - Ол маған киімін

булғады; яғни тонын бұлғап ишара етті»;

«أَلْ مَنْكَا كَشِي دَا الْتَنْ سَلْدِي» Oл маңа кішіде алтүн салды -

Ол маған bir қісіден алтын шығарды»;

«سَوْق يَفَاجِع سَلْدِي» Suv жығашығ салды: Сув жығашты алтып кетті; ағызды.» («Сал ағызды», «салынды» сөздері

осыдан шықса керек. А.Е.) Басқасына да осылай айтылады. (سَلْمَاقْ - سَلَارْ Salar-salmaq: Саллар-салмақ - Шығарар-шығармақ.) Бір адам алыстан қолын бұлғап белгі берсе де, осылай айтылады.

## قَلْدِي ҚALDЫ

ҚАЛДЫ: қалды.

أَرْ كِيدِنْ قَلْدِي «Er kedin қaldы: Ер кедін қалды - Ер кейін қалды.» Ol ojunda қалды: Ол оиұнда қалды - Ол ойында (қалып) қалды.» Қалған, яки тасталған нәрсенің барлығына осы сөз қолданылады. Мақалда бұлай деп айтылған:

إِيلْ قَلْدِي تُرُو قَلْمَاسْ «El қaldы төгү қалmas: Ел қалды төрү қалмас - Ел қалар, заңы қалмас; (Ел қалар, өдет қалмас).» Яғни, елжүрт, мекен қалса да, өдет-салт қалмас. Бұл мақал адамға салт-дәстүрді, жөн-жосықты үстануды мезгейді. قَلْيِرْ - قَلْمَاقْ (Qalyr - Qalmak) Қалыр-қалмақ: Қалыр-қалмақ - Қалар-қалмақ.)

## قَلْدِي ҚOLDЫ

ҚОЛДЫ: қалады.

أَلْ مِنْدِنْ نَانِكْ قَلْدِي «Ol mendin neң қoldы: Ол мендін нең қолды - Ол менен нәрсе қалады.» Қolur-қolmak: Қолұр-қолмақ - Қалар-қаламақ.)

## قَلْدِي ҚILDЫ

ҚЫЛДЫ: қылды.

أَرْ اِيشْ قَلْدِي «Er ыш қылды: Ер ыш қылды - Ер іс қылды.» Бұл сөз ер мен әйелдің арасындағы жыныс қатынасын білдіретіндіктен,

оғыздар айтудан (ыңғайсызданып) қашып, оны қолданбайды. «**قىلدى** Қылды: қылды» деген жерге «**ايتنى** Etti: етті» сөзін қолданады. Мәселең: «**أز يكنج ايتى** Er jykynish etti: Ер иүкүнш етті - Ер намаз оқыды. (Ер жүгініс етті. А.Е.)» дейді. Түріктеги «**قىلدى** қылды: қылды» сөзін қолданады. (قۇلۇز - قىلماق) Қылар-қылмақ: Қылур-қылмақ - Қылар-қылмақ.)

**КЕЛДІ:** келді.

«**أر آفكا كىلدى** Er evke keldi: Ер евке келді - Ер үйге келді.» Басқалар да осылайша.

(**كلىرىن - كىلماك**) Kelir-kelmek: Келір-келмек - Келер-келмек.) Мақалда былай деп келеді:

«**بىر قىغابىرلا قىش كىلماس**» Bir қарға birele қыш kelmes: Бір қарға бірле қыш келмес - Бір қарғамен қыс келмес.» Бұл мақал ісіне қолғабыс бермекші досының кешіккеніне күйзелмей, сабыр етіп өз шаруасын тындыра беруді кенес етеді.

**КҮЛДІ:** күлді.

«**أر كىلدى** Eg kyldi: Ер күлді - Адам күлді.» Басқаларға да сондай. (كۈلەر - كىلماك) Kyler-kylmek: Күлер-күлмек - Күлер-күлмек.) Жырда былай айтылады:

«**كىشى آنما آنڭر ار تىر**

**آنڭر آذكولۇكىن آغىزنى كەلا**

## كىلدى KELDI

## كىلدى KYLDI

*Kylse kiisi atma aqar өртер kyle,  
Baққыл aqar eзgүlykyn агзын kyle:*

*Kүлсө кіши атма ақар өртер күле,  
Баққыл ақар едзгүлукүм ағзын күле -*

*Kici кулсе, оған күйгізетін күл шашпа,  
Оған ізгілікпен күлін қарап бақ.»*

(Саған кісі күле қараса, сен де күлімсіреп қара, бетіне ыстық күл шашқандай күйдірме; яғни, «жақсылық қылғанға жақсылық қыл» дегенді білдіреді.)

• تامدى TAMDЫ

ТАМДЫ: тамды; тамшылады.

«سوپى تەمدى Suv tamdys: Сув тамды - Су тамды.» Басқаларға да осындай. (تەمار - تەماق) Ta-mar-tamtaқ: Тамар-таммақ - Тамар-тамбақ.)

◦ شومدى SHOMDЫ

ШОМДЫ: шомды; шомылды.

«اڭلۇن سەمدا جەمدى Oflan suvda shomdys: Of-lan сувда шомды - Үл суда шомылды.» (شومار - جەماق) Шомаг-шомтақ: Шомар-шоммақ - Шомылар-шомылмақ.)

◦ شەمدى SHØMDЫ

ШӨМДЫ: батты; сұңгіді.

«اُردەك سەقا جەمدى Өrdek suvqa shemdi: Өрдек сувқа шемді - Үйрек суға сұңгіді.» (شەмер - جەماق) Шөмег-шөмтек: Шөмер-шөммек - Сұңгір-сұңгімек.) Бұл сөз бен жоғарыдағы сөздің мағыналық астарын айырып білу үшін мұның мәсдары «ك - ك» әрпімен, жоғарыдағы сөздікі - «ق - ك» әрпімен жазылады.

◦ قەمدى ҚAMDЫ

ҚАМДЫ: үрды; сабады.

«أَلْ آنِي قَمْدَى» Ol аны қамды: Ол аны қамды - Ол оны үрды; ( Ол оны әлсіреп, өлімші болғанша үрды).» Қamar - قَمَار - Қamar-қамтақ: Қамар-қаммақ - Үrap-ұрмак.)

### ٥٦ ۋە قىمىدى ҚUMDЫ

ҚҰМДЫ: толқындасты.

«سُوق قَمْدَى» Suv қumды: Сув құмды - Су толқындасты.» Қumar - قَمَار - Қumar-құмтақ: Құмар-құммақ - Толқындар-толқындаамақ)

### ٥٧ كىمىدى ҚӨMDI

КӨМДІ: көмді.

«أَلْ الْكَنْيَى كَمْدَى» Ol өlikni kəmdi: Ол өлікні көмді - Ол өлікті көмді.» Басқаларға да сондай. Қөmег-қөmmek: Kөmег-қөmmek - كُمَار - құммақ - Қөмер-қөмбек.) «كُوزْمَانْ كَمْدَى» Kozmen komdi: Көзмен көмді - Күлше көмді.)

### ٥٨ بَنْدَى BANDЫ

БАНДЫ: байланды; буылды.

«قَوْى بَنْدَى» Koj bandы: Қой банды - Қой байланды.» Баумен байланған, буылған нәрселердің бәріне осы сез қолданылады.

(بانر - بنماق) Vanыr-banmaq: Баныр-банмақ - Буылар-буылмақ). «ل — ل» әрпі «ن — н» әрпіне алмасып кеткен.

### ٥٩ تَنْدَى TUNDЫ

ТҮНДЫ: жабылды; тұтылды. (Тынды. A.E.)

«كُوكْ تَنْدَى» Kek tundы: Кек тұнды - Кок бұлттанды.» (Кек тұнерді. A.E.). قَبْغَ تَنْدَى

Қаруғ tundы: Қаруғ тұнды - Қақпа жабылды.» Тау асуын қар алса, қар жауып тастаса

أَرْتْ تَنْدِي «Art tundы: Арт тұнды» дейді.  
تُنْعِرْ - تَنْمَاقْ Tunur-tunmaқ: Тұнүр-тұнмақ -  
Жабылар-жабылмақ.) Оғыздар мен қыпшақ-  
тар осындай келер шақ етістіктерін фатха-  
мен («а» дыбысымен) «تَنَارْ tunar-tұнар» біті-  
мінде қолданады.

## تَنْدِي TYINDY

ТЫНДЫ: тынды; тыныштанды.

يَافْمُورْ تَنْدِي «Jaftur тынды: Иағмұр тынды -  
Жаңбыр тынды.» اَرْ الْخَ تَنْدِي «Er uluf тын-  
ды: Ер ұлұғ тынды - Адам ұзақ тыншыды;  
(Ер жақсы, көп дем алды. А.Е.)» اَرْ تَنْدِي «Ariq тынды: Ариқ тынды - Арық\* тынды.»  
دَيْدِي «Ariq тынды - Арық\* тынды.»  
تَنَارْ - تَنْمَاقْ Tynar-tyntmaқ: Тынар-тын-  
мақ - Тынар-тынбак.) Оғыздар біреуді сөз-  
ден тоқтатпақшы болғанда: «تَنْمَقْ тынта: тын-  
ма - тынба» дейді. (Жорта, кекете ескертетін  
булу керек. А.Е.) Өзге түріктер: «تَنْ тып - тын»  
дейді, яғни «тоқта», «сөзінді тый» дегені.  
Оғыздар бұл арада ( «تَنْ тынта - тынма -  
тынба» дегенде ) қателескен.

## سَنْدِي SANDY

САНДЫ: саналды.

اَلْ اَرْ خَيْلَ بِلَ سَنْدِي «Ol er xajl\*\* bile sandy: Ол ер хаил біле санды - Ол ер аттылар-

\* Арық — арып-ашқан, шаршаган, қуарып тозған деген мәндерді білдіреді.

\*\* Бұл араб тіліндегі сөздің магынасы «мал, жылқы» дегенді білдіреді. Сойлем мағынасына үцілгенде бұл соз жаңылыс қолданылған. Б. Аталай түркіше басылымда (II-том, 28-бет) «اتلىغ Atlyg: атлығ - атты» болу керек деп долелдейді. А.Е.

дан саналады.» Бір нәрсені басқа бір нәрслер санатында атағанда осы сөз қолданылады. سانر سىنماق - Sanur-sanmaq: Санур-санмак - Санар-санамак.) Мақалда былай деп айттылған: بارغ اترو تىسا بۇقا سىنماس «Barq atro tutsa boqca sanmas: Барыг үткүр тұтса иоққа санмас; яғни қонаққа, дастарханға қолда барды салса, қонақ жоққа баламас.»

### سندى SUNDY

СҮНДЫ: ұсынды; берді.

«اُل منكا آتماك سندى» Ol meңa etmek sundy: Ол меңа етмек сүнды - Ол маган нан ұсынды.» Басқаларға да осындей. سنار سىنماق - Sunar-sunmaq: Сұнар-сұнмақ - Ұсынар-ұсынбақ.)

### سىندى SYINDY

СЫНДЫ: сынды.

يغاچ سندى - Ығаш сынды: Иығаш сынды - Ағаш сынды.» سو سندى - Sy sundy: Су сынды - Қосын сынды. (Әскер қолы жеңілді).» Басқаларға да осындей. سنور سىنماق - Sunur-sunmaq: Сынур-сынмақ - Сынар-Сынбак.) سىنار سىنماق - Sınar: Сынар - Сынар» деп те айтады.

### قىندى KUNDY

ҚҰНДЫ: бөліп алды; тартып алды.

أڭرى تشار قىندى - Oғры tavar qundy: Oғры таяар құнды - Ұры малын бөліп алды.» Шайырда былай айттылған:

كىچك بىل بىل ياغنى يېر كۇ آماسىن  
آذىكەرمەذب قۇنسا آنى يېلىنى قۇنار

*Kišik bulup jaǵıty jerǵy emes,  
Ezgermezir қозса аны elni қınar:*

*Kišik bülüp ىاگىنى يېرگى emes,  
Edzgermedzir қодзса аны елنى құнار -*

*Kišik болсын жауды елемеу жарамас,  
Оны ескермей қойса, елінді тартып алар.»*

Жау қаншалық кішік болсын, оны елемегүе болмайды; Оны елеп-ескермей қойсан, елінді тартып алады.

(*قۇنار - قىنساڭ*) Құнар-қиптақ: Құнар-құнмақ - Бөліп алар-Бөліп алмақ.)

**КӨНДІ:** түзелді.

*«يەنەج كىندى» يەنەج لېғаш kəndi: Иығаш көнді - Aғаш түзелді.»* Басқасы да осы секілді.

**КӨНДІ:** көндікті; түзелді.

*«أغرى كىندى» Ofgy kəndi: Ofgy көнді - Ұры түзелді.»* Адам бір нәрсені тонап, үрлап алғанын мойындағанда да осы сөз айттылады.

*«ئەر يولقا كىندى» Er jolqa kəndi: Ер иолқа көнді - Ер жолға көндікті; яғни Адам түзу жолға түсті.»* Басқасы да осы секілді.

**КӨНДІ:** күйді; жанды.

*«اتىڭ كىندى» Otuň kəndi: Отүң көнді - Отын*

كىندى KENDI

كىندى KENDI

كىندى KENDI

күйді.» Бұл аргуша сөз. Жоғарыдағы ережеде көрсетілгендей, аргулар «ى — и» өрпін «н — н» өрпіне алмастырып айтады.

**كُندى** KENDI

КӨНДІ: көнді.

«تُسُونْ أَتْ كُنْدِي» Tosun at kendi: Тосұн ат көнді - Асай ат көнді.» Бұзықтықтан түзелліп, түзу жолға түскенде де осы сөз қолданылады. **كُنْمَارْ - كُنْمَاكْ** Kəner-kənmek: Көнер-көнмек - Көнер-көнбек.)

**مَنْدِي** MANDY

МАНДЫ: тақты; асты; малды, матырды.

«اَرْ قَلْمَ مَنْدِي» Er tolm mandy: Ер толум манды - Ер қару-жарақтарын тақты.»;

«اَرْ آَزْمَاكْ سِرْكَاكَا مَنْبَسِي» Eg etmek sirkege mandy: Ер етмек сіркеге манды - Ер нанды сіркеге (сіркесуға - А.Е.) малды.» Бір нәрсені скінші бір нәрсеге малғанда, шылағанда осы сөз қолданылады. **مَنَارْ - مَنَمَاقْ** Manar-manmaq: Манар-манмақ - Малар-малмақ).

**مَنْدِي** MUNDY

МҮНДЫ: алжыды.

«قَرَى اَرْ مَنْدِي» Қагы ег mundy: Қары ер мүнды - Қарт адам алжыды.» Басқасы да осы секілді. **مَنَارْ - مَنَمَاقْ** Munar-munmaq: Мұнар-мұнмақ - Алжыр-алжымак.).

**مَنْدِي** MYNDI

МҮНДІ: мінді.

«اَرْ أَتْ مَنْدِي» Er at myndi: Ер ат мүнді - Ер ат мінді.» Басқаларға да осы секілді қолда-

нылады. مُنَازٌ - مُنْهَمَكْ (Mүнег-тұнметек: Мүнер-мұнмек - Мінер-мінмек.)

## ҚАҒИДАЛАР, ЕТІСТІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕНУІ МЕН СИПАТТАРДЫҢ БАЯНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.

